

Тереңкөл ауданы Песчан ауылдық округі Песчан ауылының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Тереңкөл ауданы Песчан ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № 10 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 24 шілдеде № 6486 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Песчан ауылдық округі Песчан ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2018 жылғы 23 мамырдағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Песчан ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тереңкөл ауданы Песчан ауылдық округі Песчан ауылының келесі көшелері:
"Чапаев" көшесі "Бейбітшілік" көшесі болып;
"60 лет КазССР" көшесі "Бірлік" көшесі болып;
"Фрунзе" көшесі "Достық" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Песчан ауылдық
округінің әкімі*

А. Дуйсембаева